Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

22 тамыз 2023 жыл Іс № 7527-23-00-2/5782 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының құрамында: төрағалық етуші - судья Л.А. Исмаилбаева,
хатшылықта Т. Батырбеков,
ашық сот мәжілісінде талап-арыз бойынша азаматтық істі қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға;
2. тұрақсыздық айыбын өндіруді

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Ахметұлы А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ

2023 жылдың 18 сәуір айында № 108 келісім шарт жасалынды, сол шарт бойынша жеткізу мерзімі 15 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2023 жылы 3 мамыр айына дейін.

Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкерге жеке кәсіпкер «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ» сотқа мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануды талаппен жүгінді.

Алайда, жауапкер 2023 жылы 3 мамыр айына дейін тауар жеткізбеді.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі Ахметұлы А. талапты қуаттап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер белгісіз себептермен келген жоқ. Сот отырысының өткізілетін уақыты, орны және мерзімі туралы сотқа шақыру қағазымен және SMS байланысымен тиісті түрде хабарландырылған жауапкер сот отырысына келмей қалудың дәлелді себептерін келтірмеді және істі өзі жоқта қарау туралы өтініш жазбады. Іс АПК-нің 196 бабы 4 бөлігінің талабына сай қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ

Талап 1

АПК-нің 72 бабының талабына сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Азаматтық кодексінің 272-бабы бойынша, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Азаматтық кодексінің 458-бабы бойынша, кәсіпкер болып табылатын сатушы (тауар беруші) сатып алушыға өзі өндіретін немесе сатып алатын тауарларды кәсіпкерлік қызметке немесе жеке өзіне, отбасына, үй ішіне және сол сияқты өзге де пайдалануға байланысты емес өзге мақсаттарға пайдалану үшін келісілген мерзімде немесе мерзімдерде беруге міндеттенеді.

Тауар 2023 жылдың 3 мамыр айына дейін жеткізбегені анықталды.

Заңның 12 бабының 4 тармағында, және 4 тармағының 3) тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді делінген.

Талап қоюшының Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға талап арызы қанағаттандырылуға жатады деп есептейді.

Талап 2.

7.3 тармағана сәйкес тауарды жектізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 19.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 20.10.2023, судья Исмаилбаева Л. А., 07.02.2024
7527-23-3-1/7164

жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде өндіріп алушыдан айыппұлды ұстайды.

Талапкер өндіріп алу үшін 1 253 тенге көлемінде айыппұл сомасын ұсынды.

Айыппұлды есептеу рас, оны сот растады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, сот көрсетілген талаптың негізділігі туралы қорытындыға келді.

ҚР АІЖК -нің 109 -бабының 1 -бөлігіне сәйкес (бұдан әрі - АІЖК) жауапкерден талапкердің пайдасына, мемлекеттік бажды төлеуге жұмсалатын шығындар 38 теңге өндірілуге жатады, АІЖК 117 -бабының 1 -бөлігіне сәйкес, жауапкер 1 725 теңге көлемінде мемлекеттік баж төлеу бойынша шығыстарды өндіріп алуға жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ

ҚР АІЖК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талапкер Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шарушалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны жауапкер жеке кәсіпкер «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тануға туралы талап арызын - қанағаттандыруға.

Жеке кәсіпкер «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкерден «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ» Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «№23 қалалық емханасы» шарушалық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 1 253 (бір мың екі жүз елу үш) тенге тұрақсыздық айыбын өндірілсін және мемлекеттік баж 38 (отыз сегіз) теңге.

Жеке кәсіпкерден «ДІЛМАНОВ ШЫҢҒЫС АБАЙҰЛЫ» мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сәйкес Алматы қалалық сотына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, наразылық келтірілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 19.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.10.2023, судья Исмаилбаева Л. А., 07.02.2024

Судья Исмаилбаева Л.А.

Құжатқа қол қойылған: Исмаилбаева Л. А., 19.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 20.10.2023, судья Исмаилбаева Л. А., 07.02.2024

7527-23-3-1/7164